

АЛТЫН АСТЫҚ

6 ақпан - февраль 2023 год

eginredaksiya.kz

№ 5 (441)

Әлихан Смайылов ЕАЭО шеңберінде электрондық көлік құжаттарына көшуге шақырды

Digital Almaty бесінші форумы шеңберінде өткен «Жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» пленарлық сессиясында ЕАЭО елдері арасындағы цифрлық кедергілерді жою, сауда және экономиканың басқа да салаларында инновациялық шешімдер енгізу мәселелері, сондай-ақ негізгі жаһандық технологиялық трендтер талқыланды.

Іс-шараға Армения үкіметінің басшысы Никол Пашинян, Беларусь үкіметінің басшысы Роман Головченко, Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, Қырғызстан үкіметінің басшысы Ақылбек Жапаров, Ресей үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин және Өзбекстан үкіметінің басшысы Абдулла Арипов қатысты.

ҚР Премьер-Министрі өз сөзінде Қазақстан Үкіметі жыл сайын еліміздің ЖІӨ-дегі жаңа технологиялардың үлесін ұлғайту үшін барлық қажетті шараларды іске асырып жатқанын атап өтті. Олар негізінен цифрлық трансформацияға, IT саласына қолайлы жағдайлар жасауға және адами капиталды дамытуға қатысты. Әлихан Смайылов ЕАЭО елдерінің IT-нарықтарын дамытуға мультипликативтік әсер беру үшін сенімді платформа қажет екенін айтты. Бұл тұрғыда жергілікті және аймақтық деңгейде белсенді ойыншыға айналған Astana Hub технопаркінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар Премьер-Министр «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры бүгінде Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары мен IT-нарығын біріктіретін экожүйе құрғанына тоқталды. Жалпы Қор іске кіріскен жылдардан бастап Индустрия 4.0, геология, металлургия және т. б. салаларда құны \$36 млн-нан асатын 187 жобаны қаржыландырды.

«Елдеріміздің технологиялық инкубаторларының өзара іс-қимылын біртіндеп дамыту маңызды», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы қазіргі уақытта Қазақстан FinTech және GovTech-жобаларын жүзеге асыруды қамтитын мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы бағытын ұстанып отырғанын атап өтті. Жалпы, оның айтуынша, мемлекеттің ашықтығы мен бизнес технологиясының арқасында республикада цифрлық саладағы күнделікті өмірде қолданылатын нақты нәтижелердің жоғары деңгейіне қол жеткізілді.

«Цифрландыру еліміздің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер мен әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады», — деді ол. Сондай-ақ Әлихан Смайылов ҚР Үкіметі мемлекеттік басқаруды цифрландырудың Invisible Government сапалы жаңа тұжырымдамасына көшіп жатқанын айтты, онда мемлекеттік саясат адамның және оның қажеттіліктері мен мүдделерін ескеретін болады. Нәтижесінде бұл проактивті мемлекеттік қызметтерді енгізуге серпін береді.

«Бұл ретте негізгі тәсілдердің бірі — қызмет көрсетудің мультиплатформалық қағидаты. Яғни, мемлекет «тар жер» моделінен алшақтап, бизнеске мемлекеттік қызметтерді өз платформалары мен цифрлық экожүйелеріне интеграциялауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің пайдасы зор», — деді Премьер-Министр.

Жалпы, ол соңғы жылдары Қазақстан электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізгенін атап өтті. БҰҰ-ның тиісті рейтингінде республика 39-шы орыннан 28-ші орынға (2018 жылдан бастап) көтеріліп, позициясын жақсартты, ал онлайн-сервистердің қосалқы рейтингінде — 16-шы орыннан 8-ші орынға көтеріліп, әлемнің үздік 10 елінің қатарына енді.

Бұл ретте Премьер-Министр интеграцияны күшейтудің және жалпы Еуразиялық ауқымдағы жобаларды іске асырудың маңыздылығын айтты. Оның айтуынша, осы істің тұсаукесері ретінде Алматыдағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ірі цифрлық бастамаларды қалыптастыру және жүзеге асыру алаңы — Цифрлық құзыреттер орталығын құруды атауға болады.

Қорытындылай келе, Әлихан Смайылов байланыстың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ трансшекаралық электрондық құжат айналымын дамыту тақырыптарына тоқталды.

Ол логистикалық компаниялар үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан электрондық көлік құжаттарына көшу жұмыстарын жүргізіп жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай тәжірибені ЕАЭО аумағында енгізуге мүмкіндік бар, атап айтқанда, барлық шетелдік рұқсат бланкілерін электрондық форматқа ауыстыруға болады.

«Қағазбастылықты алып тастау сыбайлас жемқорлық төуекелдерін азайтады, өзара сауданың ашықтығын арттырады және ең бастысы, бизнеске өз шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министрдің айтуынша, ЕАЭО елдерінің өзара сауда саласындағы электрондық іс-әрекетін дамыту тағы бір маңызды тақырып болып табылады.

«Осы және басқа да мәселелер цифрландыру саласындағы бірлескен жұмысымыздың маңызды бағыттарына айналуы мүмкін», — деп түйіндеді ол.

Мәдениет үйіне төмендегі үйірмелерге шақырамыз:



Вокал - 7-14 жас (жет: А. Мурат)

Вокал - 15 жастан жоғары (жет: Л. Ибилямова)

Би үйірмесіне - кіші топ-6-9 жас (жет: А. Куанышева)

орта топ - 10-12 жас

үлкен топ - 12-15 жас

Домбыра - 8 жастан бастап (жет: А. Райхан)

Театр үйірмесі - 12 жастан (жет: Т. Смагулов)

Мәнерлеп оқу - 11 жастан (жет: Қ. Нурдаулетов)

Фортепиано - 12 жастан (жет: С. Грицюта)

Тігін шеберлігі - 14 жастан (жет: Д. Шаимова)

Сұрақтар үшін Мәдениет үйінің
телефоны: 2-12-90

Дом культуры объявляет набор в кружки:



Вокальный - 7-14 лет (рук: А. Мурат)

Вокальный - старше 15 лет (рук: Л. Ибилямова)

Танцевальный - младшая гр-6-9 лет

средняя гр - 10-12 лет

старшая гр - 12-15 лет (рук: А. Куанышева)

Домбыра - с 8 лет (рук: А. Райхан)

Театральный - с 12 лет (рук: Т. Смагулов)

Выразительное чтение - с 11 лет (рук: Қ. Нурдаулетов)

Фортепиано - с 12 лет (рук: С. Грицюта)

Швейного мастерства - с 14 лет (рук: Д. Шаимова)

По вопросам обращаться в Дом культуры
тел: 2-12-90

КГУ «ЕГИНДИКОЛЬСКАЯ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКАЯ СПОРТИВНАЯ ШКОЛА» УПРАВЛЕНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ведет набор на следующие секции;

1. Хоккей с шайбой (юноши 5-8 лет) Тренер:

Турсынбаев Нурсултан Куатович

2. Волейбол (девушки 9-11 лет) Тренер: Папенев Олег

Викторович

3. Баскетбол (девушки и юноши 9-11 лет) Тренер:

Окрушко Кристина Игоревна

4. Футбол (юноши 8-10 лет) Тренер: Мекенбай

Мырзакелді Бөгенбайұлы

5. Вольная борьба (10-12 лет) Тренер: Сексенбай

Исләм Ерсайынұлы

6. Бокс (девушки и юноши 10-12 лет) Тренер: Нурумов

Рашид Жаукаштыевич, с. Спиридоновка

7. Футбол (юноши 8-10 лет) Тренер: Губич Юрий

Сергеевич, с. Бауманское

8. Баскетбол (девушки и юноши 9-11 лет) Тренер:

Нуркишев Зейнулла Сактаевич, с. Коржинколь

продолжение на стр. 4

Функционалдық топ				мың теңге сома
Бюджеттік бағдарламалардың өкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
II. Шығындар				23 634,0
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер			23 522,0
01	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		23 522,0
01	123	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 522,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық			112,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		112,0
07	123	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	112,0
III. Таза бюджеттік кредиттеу				0,0
Бюджеттік кредиттер				0,0
Бюджеттік кредиттерді өтеу				0,0
IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо				0,0
Қаржы активтерін сатып алу				0,0
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер				0,0
V. Бюджет тапшылығы (профициті)				0,0
VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)				0,0
Қарыздар түсімі				0,0
Қарыздарды өтеу				0,0
8	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары			0,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары		0,0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0,0

Функциональная группа				тысяч тенге сумма
Администратор бюджетных программ				
Бюджетная программа				
Наименование				
II. Затраты				23 634,0
01	Государственные услуги общего характера			23 522,0
	124	Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа		23 522,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	23 522,0
07	Жилищно-коммунальное хозяйство			112,0
	124	Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа		112,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	112,0
III. Чистое бюджетное кредитование				0,0
Бюджетные кредиты				0,0
Погашение бюджетных кредитов				0,0
IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами				0,0
Приобретение финансовых активов				0,0
Поступления от продажи финансовых активов государства				0,0
V. Дефицит (профицит) бюджета				0,0
VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета				0,0
Поступления займов				0,0
Погашение займов				0,0
8	Используемые остатки бюджетных средств			0,0
	01	Остатки бюджетных средств		0,0
		1	Свободные остатки бюджетных средств	0,0

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 7С31-2
шешіміне 28 қосымша

Приложение 28
к решению Егіндықольского районного
маслихата от 23 декабря 2022 года
№ 7С31 2

2023 жылға арналған жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы трансферттер

Атауы	Сомма, мың теңге
Барлығы	483 411,0
Облыстық бюджеттің нысаналы ағымдағы трансферттері	437 998,0
оның ішінде:	
Спиридоновка ауылының бюджеті	112 652,0
Автомобиль жолдарын жөндеуге	102 317,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	10 335,0
Қоржынкөл ауылының бюджеті	83 338,0
Автомобиль жолдарын жөндеуге	83 338,0
Егіндікөл ауылының бюджеті	115 432,0
Автомобиль жолдарын жөндеуге	92 345,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	23 087,0
Алакөл ауылдық округінің бюджеті	29 889,0
Автомобиль жолдарын жөндеуге	23 230,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	6 659,0
Ұзынкөл ауылдық округінің бюджеті	96 687,0
Автомобиль жолдарын жөндеуге	48 770,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	47 917,0
Аудандық бюджеттің нысаналы ағымдағы трансферттері	45 413,0
оның ішінде:	
Абай ауылының бюджеті	1 177,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 177,0
Спиридоновка ауылының бюджеті	1 895,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 895,0
Қоржынкөл ауылының бюджеті	754,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	754,0
Бауман ауылының бюджеті	1 327,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 327,0
Егіндікөл ауылының бюджеті	36 637,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	35 467,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 170,0
Буревестник ауылының бюджеті	592,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	592,0
Алакөл ауылдық округінің бюджеті	1 333,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 333,0
Ұзынкөл ауылдық округінің бюджеті	1 698,0
Қосымша ақшалай төлемдерге	1 698,0

Целевые трансферты из вышестоящих бюджетов на 2023 год

Наименование	Сумма, тысяч тенге
Всего	483 411,0
Целевые текущие трансферты из областного бюджета	437 998,0
в том числе:	
Бюджет села Спиридоновка	112 652,0
На ремонт автомобильных дорог	102 317,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	10 335,0
Бюджет села Коржынкөл	83 338,0
На ремонт автомобильных дорог	83 338,0
Бюджет села Егіндықөл	115 432,0
На ремонт автомобильных дорог	92 345,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	23 087,0
Бюджет Алакольского сельского округа	29 889,0
На ремонт автомобильных дорог	23 230,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	6 659,0
Бюджет Узынкөлского сельского округа	96 687,0
На ремонт автомобильных дорог	48 770,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	47 917,0
Целевые текущие трансферты из районного бюджета	45 413,0
в том числе:	
Бюджет села Абай	1 177,0
На дополнительные денежные выплаты	1 177,0
Бюджет села Спиридоновка	1 895,0
На дополнительные денежные выплаты	1 895,0
Бюджет села Коржынкөл	754,0
На дополнительные денежные выплаты	754,0
Бюджет села Бауманское	1 327,0
На дополнительные денежные выплаты	1 327,0
Бюджет села Егіндықөл	36 637,0
На жилищно-коммунальное хозяйство	35 467,0
На дополнительные денежные выплаты	1 170,0
Бюджет села Буревестник	592,0
На дополнительные денежные выплаты	592,0
Бюджет Алакольского сельского округа	1 333,0
На дополнительные денежные выплаты	1 333,0
Бюджет Узынкөлского сельского округа	1 698,0
На дополнительные денежные выплаты	1 698,0

Мемлекеттік қызмет

Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру

- Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары):
www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал).
- Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
13 (он үш) жұмыс күні.
- Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:
Электрондық.
- Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:
Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
- Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі
1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш;
2) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бюджет кірісіне төлеу қажет болған жағдайда, өзгертілген нысаналы мақсат үшін 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 9-бабы 5-тармағына сәйкес кадастрлық (бағалау) құны мен осы учаске бұрын мемлекеттен сатып алынған баға арасындағы айырмаға тең соманы бюджетке төлеу қажет болған жағдайда, жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің көшірмесі.

Барлық сұрақтар бойынша
«Егіндікөл ауданының ауыл шаруашылығы,
жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі»
ММ хабарласуға болады Тел. 2 1510.

Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка

- Способы предоставления государственной услуги (каналы доступа):
Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал).
- Срок оказания государственной услуги:
13 (тринадцать) рабочих дней.
- Форма оказания государственной услуги:
Электронная.
- Результат оказания государственной услуги:
Решение услугодателя об изменении целевого назначения земельного участка, либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.
- Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:
1)заявление об изменении целевого назначения земельного участка в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью услугополучателя;
2) электронная копия акта кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка, при изменении его целевого назначения, в случае необходимости выплаты в доход бюджета сумму, равную кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка, выплаты в бюджет суммы, равную разнице между кадастровой (оценочной) стоимостью согласно пункту 5 статьи 9 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года (далее – Земельный кодекс).

По всем вопросам обращаться в ГУ
«Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства
Егіндықольского района». Тел. 2 1510.

КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №19, село Егиндыколь Егиндыкольский район» управления образования Акмолинской области оказывает государственную услугу «Реабилитация и социальная адаптация детей и подростков с проблемами в развитии»

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим лицам.

Срок оказания государственной услуги

1) Срок оказания – от 90 календарных дней до 365 календарных дней;

2) максимально допустимое время ожидания для сдачи документов - не более 15 минут;

3) максимально допустимое время обслуживания - не более 15 минут.

График работы: с понедельника по пятницу включительно, кроме выходных и праздничных дней, с 9.00 до 18.30 часов,

с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан.

Прием заявления и выдача результата осуществляется с 9.00 до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Предусмотрена предварительная запись по телефону 8(7642)21269 и при непосредственном обращении уполномоченного лица.

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:

1) заявление родителя (законного представителя)

услугополучателя в произвольной форме;

2) заключение психолого-медико-педагогической консультации.

При обращении уполномоченного лица через портал:

1) заявление родителя (законного представителя) уполномоченного лица в произвольной форме;

2) заключение психолого-медико-педагогической консультации.

Адрес: село Егиндыколь улица Школьная 11
Телефон: 8(71642)21269, 87774759247

Государственная услуга «Оформление документов на обеспечение лиц с инвалидностью техническими-вспомогательными (компенсаторными) средствами»

1. Наименование услугодателя Местные исполнительные органы городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения

2. Способы предоставления государственной услуги

1) Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Госкорпорация);

2) МИО городов Нур-Султана, Алматы и Шымкент (далее – горуправления), районов и городов областного значения (далее – отделы занятости);

3) абонентское устройство сотовой связи (далее – абонентский номер) – проактивная услуга;

4) веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – веб-портал).

3. Срок оказания государственной услуги 1) при обращении в Госкорпорацию, горуправления, отделы занятости – со дня регистрации пакета документов – десять рабочих дней;

при оказании проактивной услуги – с даты поступления согласия – десять рабочих дней.

При обращении в Госкорпорацию, день приема документов не входит в срок оказания государственной услуги.

Результат оказания государственной услуги предоставляется горуправлениями, отделами занятости в Госкорпорацию не позднее, чем за сутки до истечения срока оказания государственной услуги;

2) максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов в Госкорпорации – 15 минут, в горуправлениях, отделах занятости – 30 минут;

3) максимально допустимое время обслуживания заявителя в Госкорпорации – 15 минут, в горуправлениях, отделах занятости – 30 минут.

4. Форма оказания государственной услуги Бумажная/

проактивная/ электронная (частично автоматизированная)

5. Результат оказания государственной услуги Уведомление об оформлении документов на предоставление лицам с инвалидностью технических вспомогательных (компенсаторных) средств. Госкорпорация информирует заявителя о принятом решении посредством передачи смс-уведомления на абонентский номер заявителя.

При обращении через веб-портал, результат оказания государственной услуги направляется в «личный кабинет» заявителя в форме электронного документа, подписанного электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП).

6. График работы уполномоченного лица Госкорпорации и объектов информации 1) Госкорпорации – с понедельника по субботу включительно, в соответствии с графиком работы с 9.00 часов до 20.00 часов без перерыва на обед, кроме воскресенья и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан.

2) горуправлений, отделов занятости – с 9.00 часов до 18.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан.

3) веб-портала – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении заявителя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем).

7. Перечень документов и сведений, истребуемых у уполномоченного лица для оказания государственной услуги В Госкорпорации, горуправлениях и отделах занятости:

1) заявление на предоставление технических вспомогательных (компенсаторных) средств, специальных средств передвижения по форме согласно приложению 1 к Правилам обеспечения лиц с инвалидностью протезно-ортопедической помощью, техническими вспомогательными (компенсаторными) средствами, специальными средствами передвижения в соответствии с индивидуальной программой абилитации и реабилитации лиц с инвалидностью, включая сроки их замены (далее – Правила);

2) документ, удостоверяющий его личность, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);

Сведения о документах, удостоверяющих личность, подтверждающих регистрацию по постоянному месту жительства, об инвалидности, о разработанных мероприятиях ИПАР, о несчастном случае на производстве, приведшем к инвалидности, о прекращении деятельности работодателя – индивидуального предпринимателя или ликвидации юридического лица, по вине которого получено трудовое увечье или профессиональное заболевание, содержащиеся в соответствующих государственных информационных системах, Госкорпорация, горуправления, отделы занятости, получают в форме электронных документов, удостоверенных ЭЦП уполномоченных должностных лиц. Участники ВОВ, лица с инвалидностью ВОВ и лица, приравненные к лицам с инвалидностью ВОВ, к заявлению прилагают удостоверение участника ВОВ, лица с инвалидностью ВОВ или лица, приравненного к лицу с инвалидностью ВОВ.

На веб-портал: электронный запрос, удостоверенный ЭЦП заявителя.

Выдача повторных свидетельств или справок о регистрации актов гражданского состояния

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется на альтернативной основе через:

Некоммерческое акционерное общество Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация); Веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал.)

При истребовании повторных свидетельств или справок о регистрации актов гражданского состояния из зарубежья необходимо обращаться к уполномоченному представителю в Государственную корпорацию: бумажная.

Перечень необходимых документов для оказания государственной услуги при обращении уполномоченного лица либо его уполномоченного представителя в Государственную корпорацию:

1) заявление о выдаче повторного свидетельства (справки) о рождении, заключении брака, расторжении брака, установлении отцовства (материнства), усыновлении (удочерении), перемене фамилии, имени, отчества, смерти

и справки о брачной правоспособности по форме согласно приложению 1 к настоящему стандарту государственной услуги, исходя из вида документа который, необходимо получить уполномоченного лица;

2) документ, удостоверяющий личность (для идентификации);

3) документ, подтверждающий уплату в бюджет государственной пошлины или копия документа, являющийся основанием для предоставления налоговых льгот, за исключением оплаты через ПШЭП;

4) нотариально удостоверенная доверенность, в случае обращения представителя уполномоченного лица. В случае подачи заявления о выдаче повторного свидетельства (справки) о смерти дополнительно прилагаются копии документов, подтверждающих родство с умершим.

При обращении на портал:

1) электронный запрос, подписанный ЭЦП уполномоченного лица или удостоверенный одноразовым паролем, в случае регистрации и подключения абонентского номера уполномоченного лица,

предоставленного оператором сотовой связи, к учетной записи портала.

2) документы уполномоченного лица в виде электронных копий, кроме случаев, если регистрация актов гражданского состояния произведена после 2008 года на территории Республики Казахстан.

При оказании государственной услуги уполномоченный представитель представляет письменное согласие на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, если иные не предусмотрены законами Республики Казахстан.

На портале прием электронного запроса осуществляется в «личном кабинете» уполномоченного лица. Документы представляются в виде электронных копий документов, удостоверенных ЭЦП уполномоченного лица.

За более подробной информации можете обратиться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ Егиндыкольского района» тел:2-14-76.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ Егиндыкольского района»

Восстановление записей актов гражданского состояния

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется на альтернативной основе через:

МИО городов Астаны, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения, районов в городе, городов районного значения, акимы поселков, сел, сельских округов; Некоммерческое акционерное общество Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация).

Форма оказания государственной услуги: бумажная.

Перечень документов для восстановления записи акта гражданского состояния при обращении уполномоченного лица либо его уполномоченного представителя:

1) заявление о восстановлении актовой записи (далее - заявление) по форме согласно приложению 1 к настоящему стандарту государственной услуги;

2) документ, удостоверяющий личность (для идентификации);

3) справка областного (городского) архива записи актов гражданского состояния по месту, где находилась утраченная запись, об отсутствии записи акта в книгах регистрации актов гражданского состояния;

4) автобиография с подробным указанием данных

услугополучателя и его близких родственников (родителей, детей, братьях и сестрах);

5) копия трудовой книжки, либо другой документ согласно Трудовому Кодексу РК подтверждающий трудовую деятельность, если уполномоченный представитель является студентом – справка с места учебы с указанием даты и места рождения (при наличии);

6) копия военного билета, если уполномоченный представитель является военнообязанным (при наличии);

7) две фотографии уполномоченного лица размером 3*4 см.;

8) документ, подтверждающий уплату в бюджет государственной пошлины или копия документа, являющийся основанием для предоставления налоговых льгот.

Дополнительно представляются копии следующих документов (кроме случаев, если государственная регистрация актов гражданского состояния произведена после 2008 года на территории Республики Казахстан):

9) копия свидетельства о заключении брака (супружества), если состоит в браке (супружестве);

10) копии свидетельств о рождении детей при их наличии;

11) документ, удостоверяющий личность родителей (для идентификации личности) либо свидетельства о смерти

родителей;

12) копия свидетельства о заключении брака родителей (при наличии);

13) нотариально удостоверенная доверенность, в случае обращения представителя уполномоченного лица;

14) копия пенсионного удостоверения, если уполномоченный представитель является пенсионером.

При оказании государственной услуги на основании решения суда вступившего в законную силу, уполномоченным представителем предоставляется:

1) заявление о восстановлении актовой записи на основании решения суда по форме согласно приложению 2 к настоящему стандарту государственной услуги;

2) удостоверение личности уполномоченного лица (для идентификации личности);

3) решение суда о восстановлении актовой записи, вступившее в законную силу, с указанием места и времени государственной регистрации.

За более подробной информации можете обратиться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ Егиндыкольского района» тел:2-14-76.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ Егиндыкольского района»

Тіл болашағы - ел болашағы



Тәуелсіздік алып ел болғанымызға 30 жылдан асты. Осы жылдар бойы Ата Заңның талабына сай мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Ендеше, Елінің, ұлтының қамын ойлаймын деген адам, әр қазақтың баласы алдымен қазақша сөйлеуі тиіс. Шығыстың ежелгі бір данышпаны «Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел, сонан соң балаң мен достарыңды түзе», - деген екен. Осыған орай аудан орталығындағы мектептер, бала бақшалары, ауыл мектебінде баласы дәріс алып, тәрбиеленіп жатқан ата-аналарға туған тілімізді айыбымыз деп, тілін қадірлеп, сол тілде таза ұтымды, өткір сөйлеуге тырысатын ұл-қыз өсіріп болашағына жанашыр болсаңыздар, - дегіміз келеді. Қазақ тілінің құндылығын, сөз байлығын ирімділігін паш ететін талай қанатты сөздер, ұшқыр ойлы ақын өлеңдерін естіп жүрсіздер. Соған қоса мына бір деректерді де құлақтарыңызға құйып алыңыздар. Жер шарында 900 ұлт бар. Қазір біздің планетамызда 5661 тіл бар. Осы тілдерде миллиардтан астам адам сөйлейді. Қазақ тілінде 10 миллион адам сөйлейді. Сөз саны жағынан 70-ші орында қазақ тілі тұр. Ең көп тараған тілдер: қытай, ағылшын, хинди, орыс. Бұл тілдердің сөздік қоры миллионға жуық. Ал, тіл байлығы жөнінен қазақ тілі қайта бояуы мен көркемдігі

жағынан олардан асып түсіп жатады. Қазақ тілі түрік тектес тілдердің ішіндегі ең бай тіл. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» - деп Ахмет Байтұрсынов, «Сөз өнері дертпен тең», «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десен өзің біл», «Өнер алды қызыл тіл», - деп Абай айтса, осының бәрі ана тіліміздің әлемдегі шұрайлы, бай тілдердің бірі екеніне дәлел. Ана тілімізді сүйіп, осы тілде жазылған шығармаларды, газет-журналдарды көп оқып, сөзді орынды қолданып, мағынасын терең түсіне білсек, тіліміздің тағдырына немқұрайлы қарамағанымыз болар еді. Тіл- болашағымыз, елдігіміз, ерлігіміз, тарихымыз, мәдениетіміз!
Қазаққа сөз дарыған,
Қызыл шоқтай қарыған.
Бір сөзден ол семіріп,
Бір сөзге ол арыған-деген ақын ойы да осыны құптайды. Біз көпшілік тұрғындар арасында, әсіресе, жастар арасында жиі болып, оларды татулық- бірлікке, отансүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеуіміз керек. Елін аялайтын, халқы үшін қайрат-күшін аямайтын, салт-дәстүрін, туған тілін қадірлеп-қастерлейтін, білім мен ғылымның тереңіне бас қойған, жаңалыққа жаны құмар азамат өсіруге ат салысайық. Халық пен мемлекет алдында іргелі мақсаттар қойған мұраты биік елдің болашағы нұрлы болмақ. Өзімізді өзіміз бақпасак, сырттан келіп ешкім, ешқашан бізді жарылқамайды.
Дана билеріміздің:
«Арманның жолы қиқалаң,
Адалдың жолы төте еді.
Жақсы-жаман әркімнің арасынан өтеді,
Араздаспай, таласпай тату жүрсең не етеді.
Ынтымағы бар болса, бұл дүниенің қызығы
Бәріне түгел жетеді!» деген аталы сөзі бүгін де мәні зор, бүгін де қажет!
Ендеше, ел болып әрдайым ынтымақ-бірлік, татулықта болайық ағайын!

Бақыт Әмірханова
Ардагерлер Кеңесінің төрайымы

9. **Тогыз Кумалак (девушки и юноши 7-9 лет)** Тренер Алпыс Арғын Қойлыбайұлы, с.Тоганас
10. **Вольная борьба (девушки и юноши 10-12 лет)** Тренер Башарова Айнура Нурлыбековна, с.Узынколь
11. **Баскетбол (девушки и юноши 9-11 лет)** Тренер: Кабишев Косман Сайлаубаевич, с.Полтавское
Обращаться по адресу: с.Егиндыколь, ул. Спортивная, 4, номер телефона 2 12 80 сот. 87477019053

УВЕДОМЛЕНИЕ



ТОО «Сарымсақты» уведомляет о проведении внеочередного общего собрания участником ТОО «Сарымсақты» на 20 марта 2023 года в 11 часов 00 минут в с.Полтавское, Егиндыкольский район, Акмолинской области, которое будет проведено по адресу: с.Полтавское, ул.Центральная 12, Егиндыкольский район, Акмолинской области в здании конторы на втором этаже, на котором будут рассматриваться следующие вопросы повестки дня:
1.Регистрация наследников ТОО
2.Отчет о финансово-хозяйственной деятельности ТОО
3.Рассмотрение и утверждение чистой прибыли подлежащей выплате участникам ТОО
4.Выход участника Каппарова А.Н. из состава участников ТОО
5.Внести изменения в Устав и учредительный договор на основании изменения состава участников ТОО, повестки дня.

Администрация и коллектив ТОО «Ушаково Агро» поздравляют с выходом на заслуженный отдых Утебаева Сулеймена Уменовича!

С пенсией вас, коллега, Поздравляем с уважением. Ведь гордится коллектив Каждым вашим достижением.



Пожелать хотим здоровья, Не хандрить и не сдаваться, И примером молодежи Неизменно оставаться.

ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ЫНТЫМАҚ КЕПІЛІ

Ұлтаралық және дінаралық қатынас мәдениеті белгілі бір қоғамдағы әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастың барлық түрлерінен, еңбекте, күнделікті тұрмыста, көпшілік байланыста көрінеді. Әрбір ұлт өкілі басқа ұлт өкілінің жан тазалығын немесе жамандығын, басқа ұлт өкілдеріне көзқарасын басқалармен салыстыра отырып бағалайды. Басқа ұлт өкілдері бойындағы адамдық жағымды қасиеттерді өз бойына дарытуға, олардағы өмірлік тәжірибе мен шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін меңгеруге ұмтылады. Ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру – Қазақстанды мекендеушілердің санасында және іс-қимылында жаңа тұрпатты ұлттық қатынастар дамуының жоғары деңгейінің көрінісін табу формасы болып келетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі. Саяси және моральдік принцип ретінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұлттар мен ұлыстардың даму, гүлдену процестерін білдіретін призма тәріздіс әлеуметтік принцип, айна. Мемлекетімізде өмір сүріп жатқан ұлттар саяси, экономикалық, әлеуметтік бірлік негізінде әрекет етуде. Осыған байланысты көптеген ұлттардың өмірінде жаңа қарым-қатынастық қасиеттер пайда болуда. Ұлттардың жан-жақты жетілу процесінде интернационалдық қасиеттердің дамуымен қатар ұлттық сипат та жетілуде. Қазақстанда жалпы мемлекеттік және ұлттық мүдделердің бірлігі, ұлтаралық қатынастың үйлесімді сабақтасуы айрықша мәнге ие болып отыр. Бірақ бұл Қазақстанда ұлттық қарым-қатынас мәселелері түбегейлі шешілді деген сөз емес. Қазіргі уақыттағы ең басты мәселе азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, халықтар достығы, ынтымақтастық пен бауырластық мәселелерін нығайту экономикада орын алып жатқан дағдарысты жою, әлеуметтік шындық, сөз бен істің үйлесімділігі сияқты принциптерді жүзеге асыру жолдарын іздестіру. Ұлттық мақтаныш пен ұлтжандылықтың мағынасын дұрыс бағалау - өзара түсіністік пен халықтар бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосады. Әр адамның қызметінде, мінез-құлқында мемлекеттік және ұлттық факторлардың дұрыс ұғымын

қалыптастыру олардың сана-сезіміндегі адамгершілік, имандылық қасиеттерінің терең орнығып, қалыптасып, ұлттық эгоизм және тағы да басқа керітартпа қалдықтарымен ымырасыз болуына ықпал етеді. Мемлекеттік тәрбиені бір жүйеге келтіру әрбір ұлттың сана-сезімін дамыту ұлттық мақтанышын орнату арқылы жүзеге асырылғаны жөн. Бұған ұлтаралық сипатта өрбіген жанашырлық белгілер қажет. Ең маңыздысы мемлекеттік және ұлттық мүдделерді байланыстыра білу керек. Ұлтаралық және дінаралық келісім тәрбиесі – бұл адамға оның бойында интернационалдық көзқарастарды, сенім-нанымдарды, нормаларды, принциптерді, сондай-ақ, осы көзқарастар мен принциптерге сәйкес оның іс жүзіндегі мінез-құлқын қалыптастыру мақсатындағы ықпал ету жүйесі. Сөйтіп, ұлтаралық келісім әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың және жаңа, жалпы адамзаттық өркениеттің дамуын айқындайтын маңызды белгілердің бірі болып келеді. Сонымен бірге ұлтаралық келісім – адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық халықтардың баға жетпес құндылығы. Сондықтан да біздің тәрбие жұмыстарымыздың бүгінгі міндеті – ұлтаралық келісімді әрбір азаматтың өмірлік серігі ету. Қорытындылай келе, адамдардың әлеуметтік-этникалық қауымдастығының түрлері қоғамдық дамудың белгілі бір сатыларында туындап, аса маңызды категорияларға айналды, өндіріс күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына орайлас адамдар қауымдастығының әлеуметтік-этникалық түрі де өзгеріп отырды. Сондықтан ұлт саясаты өмір саласында туындайтын проблемаларға дер кезінде үн қатудың, ұлттық қарама-қайшылықтарды тиімді шешудің тетіктерін табудың, ұлттық шынайы көрінісін тұрақты жолын табу болмақ.

Арман ЖАПАРОВ,
Ақмола облысы дін істері басқармасының
конфессияаралық қатынастарды талдау және
дамыту орталығының дінтанушы маманы.

Продолжается подписка на районную газету «Алтын астық» на 2022 год

Подписку на нашу газету вы можете оформить в любом отделении АО «Казпочта». Стоимость годовой подписки на издание составляет 3183 тенге, полугодовой – 1592 тенге. Периодичность выхода газеты – один раз в неделю по понедельникам. Подписка на электронную версию газеты Вы можете оформить в бухгалтерии редакции. Вы будете получать выпуски газеты в формате PDF на свой адрес электронной почты в момент сдачи газеты в типографию. Стоимость полугодовой подписки на электронную версию газеты – 1000 тенге. Подписка полугодовая с получением газеты в редакции (ул. Победы, 7) – 1300 тенге. Оформить этот вариант подписки Вы можете в бухгалтерии редакции. Если Вы подписались на нашу газету, и она к Вам не пришла или пришли не все номера, то просим сообщить об этом факте в редакцию «Алтын астық» по телефону: 2-13-69. Газета издается на государственном и русском языках. В нашей газете вы найдете для себя много интересного и полезного, будете в курсе новостей в районе, увидите материалы и фото себя и своих коллег! Газета с любовью издается для всех, кто неравнодушен к жизни в нашем Егиндыкольском районе.



Срочное фото на документы
Художественное фото

Печать фотографий с цифровых носителей, разработка и печать приглашений, открыток, визиток и другой продукции.

Обращаться в редакцию газеты «Алтын астық» по адресу: с. Егиндыколь, ул. Победы, 7.

<p>Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс: 2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru</p>					
<p>Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін</p>	<p>Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты</p>	<p>Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия</p>	<p>Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.</p>